

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Тр 017-11.06.2025
		30.04.2025 ж.
	Талап Нормативтік құжат түрі	Стр. 1-4

«БЕКІТЕМІН»

**Темірбек Жүргенов
атындағы Қазақ ұлттық өнер
академиясы қабылдау
комиссиясының төрағасы
_____ А.Жудебаев
(2025 жылғы « » ____ №
Ғылыми кеңес хаттамасы)**

**6B02103 «РЕЖИССУРА» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
БОЙЫНША 2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ
ТАЛАПКЕРЛЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН
ТАЛАПТАР**

Алматы, 2025 ж.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Тр 017-11.06.2025
		30.04.2025 ж.
	Талап Нормативтік құжат түрі	Стр. 1-4

Құрастырушылар:

Бакеева М. Қ.- «Кино және ТВ» факультетінің деканы, PhD;

Попов В.И - «Экрандық өнер режиссурасы» кафедрасының меңгерушісі;

Альжанов Р.А- «Экрандық өнер режиссурасы» кафедрасының оқытушысы

«Экрандық өнер режиссурасы» кафедрасының отырысында ұсынылды

2025 жылғы « » ____ № хаттама

«Экрандық өнер режиссурасы»

кафедрасының меңгерушісі _____ Попов В.И

«Кино және ТВ» факультетінің академиялық сапа жөніндегі кеңесі мақұлдады

2025 жылғы « » ____ № хаттама

«Кино және ТВ» факультетінің сапасы жөніндегі

Академиялық кеңес төрайымы _____ Лаврик Н.А.

Келісілді:

«Кино және ТВ» факультетінің деканы _____ Бакеева М. К.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Тр 017-11.06.2025
		30.04.2025 ж.
	Талап Нормативтік құжат түрі	Стр. 1-4

6В02103 «РЕЖИССУРА» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Талапкердің аяқталған орта білімі туралы құжаты болуы тиіс. Өтініш беруші саналы түрде кинематография, әдебиет пен өнердің даму бағыттарын анықтайтын фактілермен жұмыс жасауы керек, кинематографияның даму болашағы, кинодраматургия негіздері, әдеби, актерлік, бейнелеу өнері дағдыларына ие болу. Ой-өрісі, білімдарлығы, шығармашылық қабілеті, бейнелі монтаждық ойлау, әрі өз бетінше ойлай алу мүмкіндігі бағаланады. Қазіргі қоғамдық-саяси ахуалды бағдарлай білу, адамдармен және құжаттармен жұмыс істей білу, ұйымдастырушылық қабілетке ие болу керек. .

Алғашқы шығармашылық байқауға тапсырушылар әңгімелерін, очерктерін, эсселерін, фотосуреттері мен сюжеттерін, фильмдердің (көркемсуретті, деректі және ғылыми-көпшілік) тақырыптарын және сценарийлерін алып келу керек. Атақты жазушының кез-келген қысқа (1 беттен аспайтын) хикаясына, фотомонтаждар мен коллаждарға, әуесқойлық бейнеге сюжеттік-суреттер, фильмдерге немесе спектакльдерге рецензиялар беріңіз.

Таңдаған мамандық тақырыбына эссе жазып келуі тиіс: «Мамандық таңдаудың себебі неде және сіз болашақта жұмысыңызды қалай елестетесіз?»

Шығармашылық марапаттары мен жоғарыда аталған жұмыстары бар портфолио әкеліңіз.

1. Мақсаты мен міндеттері

Қабылдау емтихандарының мақсаты – «Режиссура» білім беру бағдарламасына үміткерлердің шығармашылық және кәсіби дайындығын анықтау. Қабылдау емтихандары талапкердің білімі мен шығармашылық ой-қиялын жалпы білімдік және интеллектуалдық деңгейін, монтаждық ойлау бейнесін, материалды ұсынудағы айқындылықты және оның шығармашылық әлеуетін бағалауға мүмкіндік беруі керек.

Қабылдау емтихандарының міндеттері:

- кинематография, әдебиет, бейнелеу өнері саласындағы жан-жақты білімді бағалау;
- ұлттық кодтың болуы;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ	Тр 017-11.06.2025
		30.04.2025 ж.
	Талап Нормативтік құжат түрі	Стр. 1-4

- автордың шығарманы ұсыну формасы мен тәсілінің өзіндік ерекшелігін бағалау;
- сөздік қоры мен шығармашылық ой-қиялын байытуды бағалау;
- бейнелі және логикалық ойлау қабілетінің болуын анықтау;
- ойдың өзіндік және өзіндік ерекшелігі;
- жалпы мәдени деңгейдің көріністері;
- қазақ, орыс, ағылшын тілдерін білу.

2. Шығармашылық емтихандар:

1. Жазбаша жұмыс талаптары

Талапкерге Қазақстанның заманауи өмірінің өзекті мәселелерін, кино және

телевизия мәселелерін көрсететін 5 эссе тақырыптардан таңдау ұсынылады. Талапкер ұсынған тақырыпты толығымен ашуы керек. Шығармашылық қиялды ойлау, сюжет құра білу, тақырыпқа деген көзқарастың жаңалығы бағаланады. Жұмыстың көлемі 5 бет.

2. Ауызша емтихан талаптары

Ауызша емтиханның мақсаты – Талапкердің жалпы білім деңгейі, оның шығармашылық мүмкіндіктері, аудиовизуалды саладағы білімі (кино, телевизия, радиотаралым, музыка, театр мен бейнелеу өнері) анықтау. Талапкер әдебиет (әлемдік және қазақ), бейнелеу өнері, музыка, кино және телевизия тарихын жақсы білуі қажет. Көркем шығарманы бағалап, сипаттай білу, оның күшті және әлсіз жақтарын, стилі мен бағытын анықтай білу. Талапкер өзінің шығармашылық ойын жеткізе білу, сонымен қатар, алдын ала болған байқауда ұсынылған және шығармашылық емтихан кезінде жазылған жұмыстарын орындалу логикасын түсіндіре білуі қажет.